ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 қазан № 4360-23-00-2/2176 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер«Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер«Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіненмемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Көшірме дұрыс

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 27.11.2023 жылы енді.

Төраға **Б.Е.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

4360-23-3-1/2351